**«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жуалы ауданы білім бөлімінің «Қарасаз» бөбекжай –балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны 2024 жылдың наурыз айында өткізілген педагогтар жиналысы.**

**Хаттама №1**

Өткізілген күні:11.03.2024 жыл
Қатысқан педагогтар саны: 18

**Күн тәртібінде**

Аттестатция – 2024 «Шебер ұстаз – табысты оқушы»

**Тыңдалды:**

Күн тәртібіндегі кезектен тыс мәселе бойынша, аттестатция – 2024 «Шебер ұстаз – табысты оқушы» меңгеруші М.Сембиева айтып өтті. Аттестаттау-мұғалімнің үздіксіз кәсіби даму факторы. Сонымен қатар, әр педагогтің өзін-өзі тәрбиелеуі мен қызмет бабында өсуіне ынталандыруды көздейді. Білім алушылардың жетістіктері арқылы педагог қызметін объективті бағалау жүйесі айқын көрінеді. Ең маңыздысы әлеуметтік әділдік пен академиялық адалдықты орнатады.

Айта кету керек, кешеден бері педагогтерді аттестаттаудың жаңа ережелері мен шарттарының жобасы қызу талқылануда. Түсіндіру жұмысының миханизімі, өткізіліп жатқан семинарлардың негізгі мәселелері нақты айтылып жатыр. Бүгінгі берілген атесттаттау ереженің жақсы жағын атап өткім келеді. Ол 2 т. 46 т.

ПББ тестін тапсыру тәртібін бұзған жағдайда:
Атесттаттауға қатысуға тыйым салу мерзімі 5 жылдан 1 жылға дейін азайтылды делінген.
Келесі 2 т. 46 т.

ПББ нәтижесі қалаған санатына жетпеген жағдайда:
санатты растау кезінде - бір деңгей төмен санат;
санатты беру кезінде – ПББ нәтижелерінен жоғары емес санат беріледі екен.
Айтарлық жаңалық, ол педагог үшін «Ұстаз» Платформасы ашылады. Әр педагогтің жеке профилі болатыны өте ыңғайлы. Платформада педагог аттестациядан өтетін мерзімінде өтініш беріп, оның қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтауға мүмкіндік беріледі.Сонымен қатар, педагогтің уақытты үнемделеді. Педагог қызметін объективті бағалауда әділдік болады. Деректерді автоматты түрде жинау және кейбір деректерді қолмен енгізу функциясы болады. Бұл платформа педагогті өзін-өзі дамытуға ынталандырады.

**Шешім:**

1. Аттестация – 2024 «Шебер ұстаз – табысты оқушы» барлық педагогтарға түсіндірілді. Алда уақытта осы бойынша жұмыс жүргізілсін.

Жиналыс төрайымы: М. Сембиева

Хатшы: А. Кошманова